



www.mmjg.kz

Мұнайлы АДЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmjgpress mangistaumunaigaz_jsc

№03(149), сәуір, 2022 жыл



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОЙДАҒЫДАЙ ӨТТІ

Сәуір айының басында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының полигонында Мұнай және газ бұрқағын жою бойынша кешенді өрт-тактикалық оқу-жаттығулары өтті. Оқу-жаттығу барысында туындаған өртті сөндіру дағдылары мен тактикасы пысықталды.

Оқу-жаттығу сценарийі бойынша жұмыс барысында Жетібай кенорнындағы №77 пайдалану ұңғымасының арматурасы зақымдалып, ұңғыма ашық атқылау режиміне өтіп, өрт қаупі туды. МГӨ операторы болған жағдай туралы шеберге, орталық инженерлік-техникалық қызметке хабарлап, зақымдануды жою үшін шаралар қабылдайды.

Одан әрі оқиға орнына өрт салдарын жою, ұңғыма аузының жай-күйін бағалау, аумақтың газдануын өлшеу, апаттық жерді қоршау және т.б. мақсаттар үшін арнайы қызметтер мен техника мамандары жіберіледі, алайда тас қыныстың металл бетімен жанасуы нәтижесінде және пайда болған ұшқынның салдарынан бұрқақ өртене бастады.

Өртті жедел түрде жою үшін қосымша күштер тартылып, қуатты арнайы техника мен мамандар келді.

Оқу-жаттығу барысында Маңғыстау облысының ТЖД, «Семсер Өрт сөндіруші» ЖШС МЕӨҚҚ, «Ақберен» КЭАҚҚ РОШ ЖШС, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Тасболатойлкорпорэйшн» ЖШС және т.б. басшылары мен мамандарының бірлескен күш-жігерінің арқасында қызыл жалын ауыздықталып, осыдан соң ұңғыманың сағасын герметизациялау бойынша шаралар қабылданады.

Оқу-жаттығу барысын ҚР ТЖМ вице-министрі, полковник Марат Күлдіков жеке бақылаған, сондай-ақ бақылаушылар ретінде Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Қызылорда облыстарының ТЖД өкілдері қатысты.

– Аталған оқу - жаттығудың негізгі міндеті - ТЖД жеке құрамының ғана емес, басқа да қызметтер мен кәсіпорындар

қызметкерлерінің дайындығын тексеру, - дейді Маңғыстау облысы ТЖД бастығының орынбасары Бекболат Әбдіқадыров. – Сондай-ақ, мұндай кешенді оқу-жаттығулар алғаш рет өткізіліп отыр. Бұл шараға 146 адам қатысып, 48 бірлік арнайы техника жұмылдырылғанын атап өткеніміз жөн. Жалпы алғанда, алға қойған міндеттер орындалды, бірақ толық бағасын министрлік кейінірек, жан-жақты талдаудан кейін береді.

– «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұңғымадағы өртті жою үшін инженерлік техниканы жинау бойынша үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді, өртті сөндіру үшін сумен жабдықтау ұйымдастырылды, өртті имитациялауға арналған арнайы құрылғылар жасалды,

жылжымалы штабтық машина, жабдықталған радиостанция тартылды, сондай - ақ біз оқу-жаттығуларға қатысушыларды жеке қорғаныс құралдарымен және құрғақ тамақпен қамтамасыз еттік, - дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік техникасы, Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті, өрт қауіпсіздігі қызметінің басшысы Алтынбек Қазтұрғанов. - Оқу-жаттығу барысында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің ТЖД Өртке қарсы қызмет гарнизонымен өзара іс-қимылдары пысықталды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басшылығына оқу-жаттығу жұмыстарын өткізуге көмек көрсеткені үшін алғыс білдіргім келеді.



ГЕОЛОГТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Сәуір айының алғашқы жексенбісінде елімізде геологтар күні атап өтіледі. Айтулы датаға орай, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акт залында салтанатты шара өтіп, сала мамандары Компания Басқармасының Алғыс хаты мен Құрмет грамотасымен марапатталды. Бірқатар азаматтарға ҚР Энергетика Министрлігінің Алғыс хаты мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ естелік төсбелгілері табысталды. Ел экономикасына елеулі үлес қосатын бұл салаға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінетінін де атап өткен жөн. Қазір компания бойынша 100-ден аса геология мамандары жұмыла жұмыс істейді.

Салтанатты шарада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және барлау жөніндегі орынбасары Дамир Шырақбаев, Бас директордың қаржы жөніндегі орынбасары Чжан Ицюнь құттықтау сөз сөйлеп, компания геологтарының бүгінге дейін атқарған істеріне алғыс айтты.

– Геология саласында ұзақ жыл жұмыс істедім. Сала қызметкерлерінің еңбегі орасан. Әріптестерімді бүгінгі кәсіби мерекесімен

құттықтаймын. Еңбектеріне табыс тілеймін, – дейді ардагер геолог Жамиля Бекбосынова.

Жиында Геология және кен орындарын игеру департаментінің жетекші геологы Оңайбай Қойшин ҚР Энергетика Министрлігінің Алғыс хатына ие болды. Мерекеде марапат алып, мерейі тасыған геологтар арнайы жайылған ас мәзірінен дәм татып, филармония өнерпаздарының концертін тамашалады.



ГЕОЛОГТАР ТРЕНДТЕН ҚАЛМАУЫ ТИІС

Кәсіби мереке қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ геология және кен орындарды игеру департаментінің игеру бөлімінде жетекші геолог Досымбек Дәуіржанмен осы саланың сан қырын, еңбек жолында көрген-түйгенін сұрап білген едік.

Досымбек Дәуіржан 2006-2010 жылдар аралығында Қазақстан Британ Техникалық университетінде білім алып, «Мұнай және газ ісі» мамандығын меңгерген. Кейіннен Ақтау қаласында Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде пайдалы қазбалар кенорындарын барлау мен іздеу геологиясының магистратурасында тәлім алды. Ол өз қалауымен таңдаған кәсібінің алғашқы баспалдағынан бастап тәжірибе жиып, көп дүниені көзбен көріп, көңілге түйіп келе жатқанын айтады.

– Еңбек жолымды 2011 жылы Атырау қаласындағы Каспиймұнайгаз ғылыми зерттеу институтының мұнай өндіру бөлімінің техник қызметінен бастадым. Кейін аз уақыт ішінде ірі жобаларды сүйемелдеу департаментінде жетекші инженер болдым. Бұл департаментте еңбек еткен уақытта Қарашығанақ, Жаңажол, Құмкөл, Кенкияқ т.б. кен орындарының мұнай қорын қайта санау, игеру жоспарын құру жобаларына қатыстым. Бес жылдың ішінде әріптестеріммен бірге 30-дан астам жобаны сәтті қорғадық. Сонымен қатар ең үздік жас маман, жобалау блогының үздік маманы т.с.с құрмет марапаттарына ие болдым. Бұл жерде алған тәжірибем геолог-игеруші маманы болып әрі қарай жетілуге зор үлес қосты, – дейді ол.

Досымбек 2016 жылы Маңғыстау өңіріне ауысып, алпауыт Өзен кенішінің 3 блогын игеруін сүйемелдеу департаментіне бас маман болып тағайындалды. Атап өтер жайт, аталмыш кеніштегі бұл жоба «Өзенмұнайгаз» АҚ қолдауымен ашылған департамент еді. Ғылыми сүйемелдеуді «ҚазмұнайгазҒЗЖИ» жүзеге асырды. Осы біріккен жобаның аясында өндірісті жетік меңгерген мамандармен қатар қызмет жасағанды абырой деп ұғатын ол, өндіріс процесін ғылыми теориялармен ұштастыруды үйрену әрбір жас геолог үшін үлкен жетістік деп біледі.

Бүгінде Досымбек Дәуіржан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ геология және кен орындарды игеру департаментінің игеру бөлімінде жетекші геолог болып қызмет істейді. Игеру бөлімінің ең басты міндеті – кен орындарымызды игеру процессін жіті қадағалау. Оның бұл бөлімдегі функционалдық міндеті – компаниямыздың мұнай өндіру көрсеткіш жоспарларын есептеу және орындалысын қадағалау. Осы көрсеткіштің аясында мекеменің бизнес жоспары дайындалады.

Сонымен қатар, ол Қаламқас кен орынында жүзеге асырылып жатқан полимермен суландыру жобасын қадағалайды. Бұл технология елімізде тек Қаламқас және Забурунь кен орындарында жүзеге асырылып жатыр.

– Мақсатым – ерінбей еңбек етіп, компаниямызды дамудың жоғары деңгейіне жеткізуге атсалысу. Қазіргі таңда әлемдік алпауыт мұнай өндіру компаниялары жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қарқынды жұмыстанып жатыр. Біз жас маман ретінде осы трендтен қалмай, жаңа бағытқа қарай ұмтылуымыз қажет деп ойлаймын, – дейді жас геолог.

Досымбектің отбасында мұнайшылықты кәсіп еткен өзі ғана. Ал ата-анасы қоғамның сан саласында еңбек етіп, абырой биігінен көрінген жандар.

– Жалпы біздің әулетте мұнайшылар жоқ. Әкем Дәуіржан Байқабылұлы ұзақ жыл медицина саласында анестезиолог болып жұмыс істеген. Бүгінде өмірден өтті. Анам Құлза Ұятқызы біздердің жақсы білім алып, биікке жетуімізге көбірек күш салып келеді, – дейді Досымбек.

Досымбекті жаңа заманның бәсекеге қарым-қабілеті сай жастардың бет-бейнесі десек те болғандай. Ол бірнеше тілді жетік меңгерген. Әсіресе, ағылшын, түрік тілдерін жақсы білетін оған шетел фильмдерін түпнұсқада көру еш қиындық туғызбайды. Ал өзге мемлекетке сапарлап барған кезде тіл білгенінің арқасында еркін



саяхат құрады. Досымбек бала кезде ұшқыш болуды арман еткенімен өсе келе өндіріске, ғылыми арнаға бет бұрып, сол тұста сұранысы жоғары геология мамандығына көңілі қалап оқуға түседі. Бұл таңдауына әсте өкінген емес. Бос уақытында мобилография бағдарламасына әуестеніп, түрлі бейнеклиптер жасауға машықтанып жүр. «Технология жетістіктерін игеру қай уақытта да кеш емес» дейді ол. Салауатты өмір салтын ұстануды да ұдайы есте ұстап, жүгіруді әдетке айналдырған Досымбек жыл сайын Алматы қаласында жүгіруден наурыз-сәуір айларында ұйымдастырылатын марафонға қатысып келеді.

«Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде, заман талабының биігінде болады» деген ұстанымды ту еткен білікті, білімді, жан-жақты маманның геология саласына қосар табанды еңбегі үстем болғай деп тілейміз.

ЖАННАТ КЕМАЛ

Еңбек адамы

ӨМІР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

Азаматтың абыройы елінің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі мен қоғам үшін жасаған игілікті ісімен өлшенсе керек. Әрине тірнектеп жинаған бұл абырой көктемнің жылымығындай жалғандықпен емес, қиындығы қырық қарыс қайсар еңбектің қайтарымындай жаныңды жадыратса ғана қайырлы болмақ. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қарасты Қабат қысымын ұстау цехының аға операторы Асылгерей Ізбасов туралы жазбамызды әріптестерінің айтқан жылы лебізінен бастауды жөн санадық.

«Өз басым осы цехқа келгеніме 7-8 жылдың жүзі болды. Осы уақыт ішінде Асылгерей ағаның артынан тек жақсы сөздер ерді. Кішіпейіл, үлкен мен кішіні қатар сыйлай білетін, сабырлы, жұмыс дегенде жанын салатын еңбекқор кісі. Осы табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында 5 дәрежеге дейін өсті. Өзінен кейінгі інілеріне өнеге көрсетіп жүрген білікті ұстаз. Өмір мен жұмыста кездесетін қиыншылық пен кедергілерге мойымай келеді. Өзі кез келген ортамен тез тіл табыса да біледі. Аңғалдығы да бар. Қазір алпысқа аяқ басып қалса да кез келген адамға дес бере қоймайтын қайратты. Айта берсек, ағамыздың адами қасиеттері көп», - дейді әріптесі Салих Адай.

Бүгінде Қаламқастағы жер асты қабат қысымын ұстау цехында 4 машинист, 5 оператор, 1 слесарь, 2 дәнекерлеуші бас-аяғы 12 адам жұмыс істейді. 2 топтық сорғы станциялары арқылы жер қабатына тәулігіне 138 890 текше метр су айдайды. Осы ауызбіршіліктің арқасында болар, жоспарлы жұмыс жүйелі түрде жүзеге асып отыр. Толағай жетістікке жету жолында цехтағы әрбір жұмысшының жанкешті еңбегі мен маңдай тері қашанда мақтауға, марқаюға тұрарлық.

30 жылын сүйікті кәсібіне арнаған маман Қаламқас кенорнындағы жұмыс қарқыны соңғы жылдары едәуір арта түскенін айтады. Мұнай-газ өндірісінің қарыштап дамуына жаңа технологиялық жабдықтар үлкен дем беріп отыр.

– Әрине, өндірістің бүгінгі ахуалы мен ілгергі кезді салыстыра қарасаң, айырмашылық көп қой. Ұңғымалар бұрын металл құбырлармен істесе, қазір барлығы шыны құбырларға ауыстырылды. Бұл өз кезегінде жұмысты жеңілдеті түседі әрі еңбек өнімділігін еселеп арттырады. Біз секілді апталап, айлап еңбек ететін мұнайшылардың өндіріс басындағы тұрмыс-тіршілігі де айтарлықтай жақсарды. Қазір жайлы жатақхана, заманға сай демалыс бөлмелері, кітапхана, спорт залдары, барлығы бар, - дейді Асылгерей Сәдуақасұлы.

Асылгерей аға еңбек жолын 1995 жылы осы цехта бастаған. Досан Қосановты үлгі тұтып, ұстаз санайтын ол аға буынның тәжірибесінен өнеге тұтқан іске тиянақты, жұмысқа тыңғылықты қарайтын жас мамандардың қалыптасып қалғанын айтты.

– Өндірісте өз қолтаңбасы бар ағаларымыздың алдын көрдік. Мол тәжірибе жидық. Осы жылдар ішінде үйренгенімізді, білген-түйгенімізді келер ұрпаққа беріп, жалғай жүрсек деген ойдамыз. Артымнан ізбасар ретінде еріп келе жатқан Мансұр Тұяқов, Берік Итемгенов, Сардарбек Сарғожаев деген талантты, талапты інілерім бар. Барлығы да жұмысқа жауапты қарайтын азаматтар. Еліміздің болашағы жастар дейміз, жас буын Қазақстанның өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосып отырған өндіріс ісін одан әрі де жалғастыра түседі деген сенімдемін, - дейді еңбек адамы.



«Тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзді ұстаным еткен маман өзінен де, өзгелерден де қатаң тәртіп, абыройға негіздеп жұмыс жүргізуді талап етеді. Соның нәтижесінде жоспарды үнемі уақытынан бұрын орындап келеді. Ерен еңбек пен адал қызмет бағаланып, мерейі артқан оператор аға «жеңісім де, жетістігім де - ортақ» деуден танбайды.

ЖАННАТ КЕМАЛ

Цифровизация

ЦИФРОВАЯ ПЕРЕЗАГРУЗКА

В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» продолжается процесс цифровизации производства. Какие цифровые технологии уже внедрены, и какие новшества планируется использовать на нефтепромыслах рассказывает директор департамента автоматизации, информационных технологий и связи АО «Мангистаумунайгаз» Валериан Ишмаев.



«Мангистаумунайгаз» уделяет большое внимание внедрению современных систем автоматизации и цифровизации. Проводится поэтапная модернизация автоматизированных систем управления, внедрение современных средств измерений, на всех этапах добычи нефти и газа, от скважины до сдачи в систему АО «КазТрансОйл».

В целях приведения в соответствие с СТ РК 2.151-2008 «Измерение количества извлекаемой из недр нефти и нефтяного газа» проводятся мероприятия по улучшению системы учета. Полномасштабно ведется монтаж кориолисовых расходомеров (массомер) Krohne Optimass.

Полным ходом идут работы по реконструкции систем телемеханики на технологических объектах производственных управлений. Работы по реконструкции систем телемеханики на технологических объектах выполнены во всех трех цехах добычи нефти и газа ПУ «Жетыбаймунайгаз», а также в ЦДНГ-1, ЦДНГ-2, ЦДПГ-4 ПУ «Қаламқасмунайгаз», по ЦДНГ-3 работы запланированы на 2022 год.

В связи с внедрением новых АСУТП (автоматизированных систем управления технологическими процессами) и увеличением количества технологических, геологических и статических данных, для максимально эффективного управления месторождениями в 2021 году запроектировано и получено положительное заключение государственной экспертизы на проект «Работы по внедрению центров управления месторождениями ПУ «КМГ», ПУ «ЖМГ» и АО «Мангистаумунайгаз». Реализация проектов в ПУ «КМГ» и «ЖМГ» предусмотрена в 2023 году, в головном офисе Общества - в 2024 году.

Для автоматизации метрологических служб в области учета средств измерений, в 2021 году внедрена «Автоматизированная система управления метрологической службой (АСУМС)».

Особое внимание в Обществе уделяется соблюдению требований экологического кодекса РК. 2021 году запроектировано и получено положительное заключение на «Работы по внедрению мониторинга выбросов загрязняющих веществ на ГТЭС месторождения Каламкас» с функцией



передачи информации в онлайн режиме в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды, с последующей реализацией в 2022 году.

Так же в целях исключения причинения ущерба окружающей среде в 2021 году запроектировано и получено положительное заключение на «Работы по внедрению системы обнаружения утечек» в ПУ «ЖМГ» и «КМГ». Реализация проектов планируется 2024 году.

Кроме того, выполнены работы по модернизации АСУТП ГТЭС с возможностью одновременного регулирования единым регулятором электростанции – мощностью обеих газотурбинных установок.

В целях повышения уровня информационной безопасности в 2020-2021 годах проведена реконструкция серверного помещения в головном офисе Общества. В 2022 году запланированы работы и в двух серверных на месторождениях ПУ «КМГ» и «ЖМГ». Основной задачей данных проектов является



обеспечение необходимого уровня безотказной работы цифровых систем и информационных баз данных, соблюдение необходимых требований информационной и пожарной безопасности, согласно утвержденным мировым стандартам.

Помимо вышеперечисленных работ, на 2022 год запланированы работы по проектированию: «Модернизация АСУТП ЦППН ПУ «КМГ», «Внедрение системы учета баланса воды ПУ «КМГ» и «ЖМГ».

МҰНАЙШЫЛАР НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАДЫ



Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурыз мейрамы жер-жаһанда ерекше екпінде, бұқаралық сипатта тойланады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ биыл да мерекелік шараларды игі дәстүрге сай өткізді.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының ұжымы көктемнің шырайлы мерекесі - өз-Наурызды қарсы алды. Алдымен басқарма ғимаратында мерекеге орай өткізілген спорт жарыстарының жеңімпаздары марапатталды.



Өз-Наурыз мейрамын Қаламқас кенорнының мұнайшылары да асыға күтті. Мұнайшылар қалашығында өткен кеште «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерболат Сәрсенов, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы басшысының бірінші орынбасары Мақсат Нұрғабылов қара алтын игерген еңбек иелерін көктем мерекесімен құттықтап, ақ тілек, ыстық



Адал еңбек пен салауатты өмір салтын серік еткен жұмысшыларға арнайы кубоктар, Алғыс хаттар мен қаржылай жүлделер табысталды.

Салтанатты шарада «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының басшысы Болат Сейітмағамбетов мұнайшыларды Наурыз мерекесімен құттықтады.

Мерейлі мерекеде алдыңғы буын ардагер-мұнайшылар да сый-құрметке бөленді.

– Ұлыстың ұлы мейрамында «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының басшылығы еңбек ардагері деп сый-құрмет көрсетіп, мерейімізді асырып жатыр. Шын пейілмен алғыс білдіремін. Елу жылдай жұмыс істеген мекемеміз табыстан табысқа жете берсін. Наурыз мейрамы құтты-берекелі болсын. Еліміз аман, бірлігіміз бекем болсын, – дейді еңбек ардагері Мұратбай Жақсығатов.

Мерекелік шара Асар кенорнында жалғасып, мұнайшылар өз-Наурызды басқарма басшылығымен бірге ізгі тілек, ақ

пейілмен қарсы алды. Қара алтынның қазанын қайнатқан еңбекшілер ұжымы өзара көрісіп, Амал мерекесімен астасқан Ұлы күнімен құттықтап, тілектерін айтты. Өндірісте өнімді еңбек етіп, қажыр-қайратын төгіп жұмыс істеген бірқатар мұнайшыларға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Алғыс хаттары табысталды. Асар кенорнының №3 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі операторы Ерлан Оразалиев әріптестерін Наурыз мейрамымен құттықтай келе басқарма басшылығына ризашылығын білдірді.

Сахна төрінде мұнайшыларға әннен маржан, жырдан шашу шашылды. Белгілі жыршы, мәдениет қайраткері Амандық Көмеков, Оспан Құлсымақ, Ғалымжан Жолдасбай, Асанәлі Көшеров сынды елімізге танымал өнер жұлдыздары мереке шырайын келтіріп, жұртшылықтың көңілін көтерді.

Ұлыстың ұлы мейрамы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде жалғасты. Бас директордың бірінші орынбасары Сью Шиго, бас директордың геология және кенорындарын игеру жөніндегі

орынбасары Дамир Шырақбаев компания қызметкерлерін көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады. Салтанатты шарада ел ырысын еселеуде талмай еңбек етіп жүрген мұнайшыларға Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табысталды.



ықыластарын арнады.

– Қаламқас кенорны 1979 жылы ашылды. Бүгінде тәулігіне 9800 текше метр мұнай өндіріледі. Бір ауысымда үш мыңнан аса адам ауызбіршілікте қоян-қолтық жұмыс істеп жатыр. Мұнайшылардың еңбектері еселеніп, абыройлары арта берсін. Отбасыларына амандық, жұмыстарына табыс тілейміз, – деді Мақсат Нұрғабылов.

Мерейлі кеште алғыс арқалаған мұнайшылар өз кезегінде компания басшылығына ризашылықтарын білдірді. Қаламқас кенорнында отыз жылға жуық жұмыс істеген өндірістік жұмыстар және ғылыми-зерттеу цехының инженері Ғани Ембергенов еңбегі еленгеніне дән риза.

Мерекелік кеш сахнасы әсем ән, күмбірлеген күйге толды. Дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген маңғыстаулық өнерпаздар кеш көрігін қыздырып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНЫҢ МАЗДАҒЫ

Таяуда Н.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының қолдауымен мұнай-газ саласының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі Атағозы Ботағараев туралы «Маңғыстау мұнайының маздағы» атты кітап жарық көрді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде өткен тұсаукесер рәсіміне компания бас директорының бірінші орынбасары Сью Шиго, бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерболат Сәрсенов, құрметті энергетикпен қызметтес болған, өңір әлеуетін көтеруде үзеңгілес еңбек еткен замандастары, ардагер мұнайшылар қатысты.

Салтанатты шарада компания бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерболат Сәрсенов туындының бүгінгі ұрпақ үшін маңыздылығын айтып, жұртшылықты жаңа еңбектің жарық көруімен құттықтады.

– Мұнай-газ саласының ардагері, ҚР «Еңбек сіңірген энергетигі» Ботағараев Атағозы ағамызға арналған естелік кітабы – әр біріміз үшін, ұрпақ үшін тәлім-тәрбиесі, тарихи маңызы зор еңбек, Маңғыстау мұнайшылары үшін баға жетпес сый. Бұл кітап әрбір маңғыстаулық мұнайшының үйінде тұруы тиіс деп есептеймін. Ол кісінің түбек тарихына қосқан үлесін мақтанышпен айтуға болады. Күллі ғұмырын мұнай өндірісінің өркендеуіне арнады. Соның ішінде Жетібай, Өзен, Қаламқас, Қаражанбас секілді кенорындардың жарықтандыру жұмыстарын жүргізді. Көптің көкірегінде жақсы аты, абыройлы даңқы қалды десек еш қателеспейміз, – деді Ерболат Сәрсенов.

Тұсаукесер рәсіміне аталмыш еңбектің жарық көруіне ұйытқы болған Атағозы Ботағараевтың жары Қансұлу Ботағараева да қатысып, жүрекжарды тілегін арнап, жолдасы жайында жылы естеліктермен бөлісті.

– Бүгін бір ерекше сезімде тұрмын. Кітап «Мұнайшы» қоғамдық қорынан «Еңбек ардагерлері» деген топтамамен жарық көрді. Қор арқылы шыққан бұған дейінгі еңбектердің барлығы мұнайшылар жайында болса, енді міне, тұңғыш рет мұнай саласында 47 жыл бойы еңбек еткен энергетик Атағозы Ботағараевқа арналып отыр. Кітапта А.Ботағараевпен бірге қызмет істеген, бірге жүрген замандастарының естеліктері топтастырылды. Жолдасымның еңбегін елеп, кітаптың тұсаукесерін «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының бас кеңсесінде өткізіп жатқан компания басшылығына, еңбектің жарық көруіне атсалысқан барлық азаматтарға көптен көп рақметімді айтамын. Кітаптың өне бойында Атағозының өндірістегі қызметі мен өмір жолы қоса өрілген. Ол өз мамандығын өте жақсы көрді. Еңбек еткен 47 жылының 17

жылын осы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына арнады. Атағозы өте ақжарқын, ашық мінезді, айналасына әрқашан нұр шашып жүретін кісі еді. Қай жерде де айналасындағы адамдармен тіл табысып, өз ісін әрқашан сүйіп істейтін. Бүгін жарық көрген кітап Атағозыға арналған мәңгілік ескерткіш, ұрпақтарына және бүгінгі жас буын мамандарға үлгі-өнеге болар туынды деп білемін, – деді Қансұлу Ботағараева.

Салтанатты жиында энергетика саласының көрнекті қайраткерімен қатар қызмет еткен мұнай-газ саласының

энергетикалық жұмыстардың басы-қасында Атағозы жүрді. Оның ел-жұртына еткен еңбегі, қылған қызметі орасан зор. Атағозы Ботағараевқа арналған кітап дер кезінде шыққан еңбек екен. Кітапта естеліктерін бөліскен замандастары оның өте адал жан екенін, елдің азаматы болғанын жақсы жеткізген. Кітаптың ғұмыры ұзақ болсын, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы, геолог Сағын Қырымқұлов.

Жиында белгілі ақын, жазушы, ҚР Жазушылар Одағы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Ғалым Әріп жаңа



ардагерлері Атағозы Ботағараев жөнінде естеліктерін айтып, ізгі лебіздерін білдірді.

– Атағозы Ботағараев мұнай өндірісінің энергетика саласында майталман маман болды. Маңғыстау өңірінде орналасқан көптеген кенорындарында ізі қалды. Өртүрлі мекемелерде жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Өз жұмысына аса үлкен жауапкершілікпен қарайтын, талап қоя білетін, инженерлік білім-білігі мол азамат еді. «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінде бас энергетик болып қызмет істеді. Қаражанбас, Қаламқас кенорындарын іске қосу кезінде

кітап қазақ руханиятын толыстыра түсерін атап өтті.

– Бүгін шын мәнінде өте мазмұнды, аса тағылымды шара өтті. Біріншіден, ел болып еңбегі сіңген азаматты ардақтап жатырмыз. Екіншіден осындай кітап арқылы ағаның абыройлы есімі ұрпаққа өнеге болып қала береді. Қансұлу жеңгеміз ағамыздың 75 жылдығына орай осы шаруаны қолға алды. Жалпы мұнай, газ, энергетика алаулап тұрған Маңғыстаудың күш-қуатын көрсетіп тұр. Атағозы ағамыз да осынау Маңғыстаудың текті болмысына сай келіп тұр. Кітап – ұлттық мұрамыз. Белгілі азаматтардың өзара алмасқан бір



ауыз хатының өзі ұлттық мұрамыздың алтын қорына баланады. «Мұнайшы» қорының шығарған кітабы ұлттың рухани мұрасын түгендеп, игілігін молайтудағы зор еңбегі деп білемін. Әдеби шығарма болсын, мейлі тарихи тағылымдық еңбектер, мемуарлық кітаптар болсын, бәрі де біздің тарихымыз. Бұл кітапта тек Атекеңнің өмірі емес, ол кісімен қатар жүрген сіздердің еңбектеріңіз еніп отыр. Маңғыстаудың маздағы ашылған кезде ешқандай жағдай сұрамай оттың ортасында отырып, шатырдың астында тұрып, жел-дауылда, қиын экологиялық жағдайларда жүре тұра өмірлеріңізді арнағандарыңыз осы кітаптың ішінде көрініс тапқан. Өткен ғасырдың 80-жылдары Қазақстанның халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне келген канадалықтар лебиз жазып, қолтаңба қалдыратын альбомға «Әуезов, Байқоңыр, Маңғыстау» деген үш сөз жазыпты. Маңғаз Маңғыстаудың атағы дүрілдеп, мына мұнай-газ жаңа өндіріліп бастаған кездегі алдыңғы буын аға-апалардың – сіздердің еңбектеріңіз, маңдай терлеріңіз ұрпаққа үлгі. Сондықтан бұл кітап бір әулеттің ғана емес, халқымыздың мұрасы болып қалады, – деп сөз соңында Ғалым Әріп кітап иесіне арналған «Алмас қылыш» атты өлеңін тебіреніспен оқыды.

Ардагер энергетиктің өмірі мен еңбектегі ерен жолы арқау болған кітап «Мұнайшы» қоры арқылы 500 дана тиражбен екі тілде басылып шықты. Белгілі журналист Гүләйым Дәуітбай қаламынан туған жинақта А.Ботағараевтың қызметі, түбекті түлету жолындағы жанкештілігі жан-жақты баяндалған.

Жайық НАҒЫМАШ



Юбилей

ПОМНИМ, ГОРДИМСЯ, ЧТИМ!



Шестидесятые годы стали временем освоения нефтяного Мангистау. Открытие уникальных месторождений нефти обеспечило страну углеводородными ресурсами и привело к стремительному развитию региона. Это была эпоха легендарных личностей, тех, кто, несмотря на лютый мороз или палящий летний зной, от которого не укрыться, не спрятаться в тени, всегда шел первыми, тех, кто своими руками ощущал теплое биение первой нефти в трубопроводе.

В 1957 году Алексей Никитович окончил Дрогобычский нефтяной техникум и сразу был направлен в Западный Казахстан на нефтяной Доссор. Так что, свой первый трудовой опыт Лифаренко получил на легендарных нефтепромыслах Доссора.

- На месторождениях тогда ещё применялись прицепные станки-качалки СКН-2, которые приводились в рабочее состояние при помощи специального механизма-эксцентрика, - вспоминает Алексей Никитович. - Тягами для привода в

27 марта свой большой юбилей отпраздновал Алексей Никитович Лифаренко – один из покорителей Мангышлака, оставивший яркий след в истории нефтяного края. Он родился в далеком 1937 году в небольшом селе Значково, Запорожской области Украины. Тогда еще никто не знал, что в семье учителя растёт будущий нефтяник, имя которого будет золотыми буквами вписано в энциклопедию Мангистау! Из 85 лет своей жизни 53 года Алексей Никитович посвятил развитию нефтяной промышленности Казахстана.



В нефтепромысловом управлении «Узень» Лифаренко проработал 18 лет: за эти годы прошел путь от оператора добычи нефти и газа 5-го разряда до начальника цеха КРС, инженера по сложным аварийным работам УПНП и КРС. За время работы в Узене он пережил немало приятных и волнительных моментов, но об одном знаковом событии ветеран вспоминает с особой теплотой: в



венном управлении «Жетыбаймунайгаз»: мастером ПРС, старшим мастером, инженером-технологом цеха поддержания пластового давления (ППД), инженером-технологом 1-ой категории.

- В Жетыбае я познакомился с новыми людьми, настоящими профессионалами своего дела, - вспоминает Лифаренко. - Многочему у них научился и сам постарался передать свой опыт и знания молодому поколению, в частности одно время я был наставником Калбая Ажимбаевича Измуханова, он как раз тогда только после института на работу пришел. Впоследствии Калбай Ажимбаевич стал одним из руководителей акционерного общества «Мангистаумунайгаз».

звание «Почетный гражданин города Жанаозен».

Лифаренко один из плеяды первопроходцев, стоявших у истоков зарождения и становления нефтяной отрасли края, тех, кто достойно передал знамя трудовой доблести молодому поколению, Человек всю свою молодость, силы и знания отдавший процветанию региона, ставшему ему родным.

Мы от всей души поздравляем Алексея Никитовича с 85-летием, искренне желаем крепкого здоровья и неутомимости духа!

С юбилеем Вас Ветеран!



работу добывающих скважин использовались отработанные штанги глубинных насосов. Тогда еще не наступила полная эра автоматизации, поэтому приходилось прикладывать немало усилий и сил, но никто не жаловался, все трудились бок о бок, не покладая рук.

А в 1965 году начинается новая веха в жизни Лифаренко: он как и тысячи других специалистов едет покорять только открытое месторождение «Узень».

- Так уж получилось, что в тот день прием на работу проводил непосредственно легендарный нефтяник Рахмет Утесинович Утесинов, - рассказывает Алексей Никитович. - Так что мне сразу же удалось познакомиться с одним из самых выдающихся нефтяников Казахстана.

1973 году бригада мастера КРС А.Н.Лифаренко заняла 3-е место по итогам социалистического соревнования между бригадами КРС Министерства нефтяной промышленности СССР! Большой успех по тем временам, бригаде была выплачена премия в размере 500 рублей.

- В тот год перед нашей бригадой стояла задача осуществить капитальный ремонт 36 скважин, но мы перевыполнили план до 40 скважин, - говорит Алексей Никитович. - До сих пор я с теплотой вспоминаю нашу бригаду, это была общая победа, мы вместе трудились, всегда поддерживали друг друга, охотно делились знаниями и опытом.

С 1983 и вплоть до самого выхода на пенсию до 2004 года Алексей Никитович Лифаренко проработал в производст-



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

2022 жылдың наурыз айында Ақтау қаласындағы Абай атындағы мәдениет үйінде Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне арналған салтанатты жиын өтті. Шараға Маңғыстау облысы бойынша сала үздіктері мен көшбасшылары қатысты. Кездесу Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Бекболат Әбдіқадыровтың төрағалығымен өтті.

Негізгі мақсат Халықаралық Азаматтық Қорғаныс ұйымы Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес 1 наурызда аталып өтетін Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні қарсаңында өткен жылдың қорытындысын шығарып, келер жылға жоспарлар құрып, жыл бойы үздік қызмет үлгісін көрсеткен сала мамандарына құрмет көрсетіп, марапаттар табыстау болатын.

Кездесуге мемлекеттік құзырлы органдармен қатар өндірістік мекемелер мен кәсіпорын өкілдері де қатысты. Бүгінде өндіріс алаңдарындағы азаматтық қорғаныс мәселесі қатаң бақылауға алынған. Мамандардың әрбір қадамы жіті тексеріліп, өндірістік қызметтердің орындалуына халықаралық деңгейдегі жоғары талаптар қойылған. Бұл қадамдар өз кезегінде өндіріс ошақтарындағы жазатайым оқиғалардың алдын

алуға, адам шығынын болдырмауға мүмкіндік беріп тұр. Мәселен, былтырғы 2021 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндіріс алаңдарында бір де бір ауыр оқиға оқиға тіркеліп, адам жарақаты орын алған жоқ.

Осы орайда, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының 2 наурыздағы №32 л/с бұйрығымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласы бойынша ең үздік өндірістік Компания деп танылып, өлкемізде азаматтық қорғаныс саласының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Компаниямыздың техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Аманқос Сырымұлы Мұңғалов алғыс хатпен марапатталды.

Кеш соңы әннен маржан, жырдан шашу шашқан мерекелік концертке ұласты.



ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ЖАҢА ҚОНЫС

15 наурызда Қаламқас кенорындағы №34 жатақхана күрделі жөндеуден өтіп, мұнайшыларға есігін айқара ашты. Жанға жайлы қоныс барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген.



52 адамға арналған жатақхана жаңа жиһазбен, кондиционерлермен және сантехникамен жабдықталған. Қазір бөлмелерге қоныстану қамымен жүрген мұнайшылардың жүздерінен аста-төк қуанышты көруге болады.

Бұған дейін Қаламқастағы №33 жатақхана күрделі жөндеуден өтіп,

пайдалануға берілген еді. Кенорында апталап жұмыс істейтін мұнайшылар жаңа қоныстың жайлы екенін айтып, тұрмыстық жағдайдың айтарлықтай жақсарғанын жасырмады.

– Әрине, бұрынғымен салыстырғанда үлкен айырмашылық бар, дейді Қаламқас учаскесі автоколоннасының 4-разрядты жүргізушісі Сабырбек Қарабеков. – Барлық жиһаз жаңа, бөлмелер сапалы жөнделген, сумен жабдықтау және жылыту жүйесі жақсы жұмыс істейді. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, компания басшылығына алғысымды айтқым келеді, сондай-ақ бөлмелердің таза болуын қадағалап, кешен ішіндегі тәртіпті сақтауға тиісті шараларды жасайтын жатақхана қызметкерлеріне де дән ризамыз.

Бүгінде Қаламқас кенорындағы жатақханаларды күрделі жөндеу бойынша 2022-2026 жылдарға арналған бес жылдық жоспар әзірленіп, Қоғам басқармасымен бекітілді. Осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде жыл сайын жаңа жиһазбен, кондиционерлермен, сантехникамен және т. б. толық жарақтандырылған бес жатақхананы толық жөндеу жоспарлануда.

ҮЗДІК ОҚЫРМАН

30 наурыз күні «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында Үздік оқырман байқауы өтті. Аталған сайыс мұнайшылардың қазақ би-шешендерінің, батырларының жыр-дастандарын оқу арқылы көркем әдебиетке деген ынта-ықыласын ояту, ұлтымыздың тарихын, мәдениетін танып-білуді мақсат тұтады.



Әр цехтан қатысқан оқырмандар сайыс барысында тыңғылықты дайындықтарын көрсетіп, бірінен-бірі асып түсіп жатты. Қазақ мақал-мәтелдерін жатқа білетін мұнайшылар арасынан үздіктердің үздігін анықтау оңай болмады. 13 адам қатысқан сайыс нәтижесінде, пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау және жөндеу цехының слесарі Әлімжан Қуандық үздік деп танылды. Жүлделі 1-ші және 2-орындарды мұнай және газ өндіру цехының операторы Амангелді Ыбырай мен аталған цехтың слесарі Сәбит Жұмбаев өзара бөлісті.

– Алғаш рет ұйымдастырылса да мұнайшылардың бұл сайысқа үлкен қызығушылығын байқадық. Сайыс барысында оқырмандар әдеби шығармаларды өзара талқылап, қызу пікірталасқа түсті. Аталған шараны алдағы уақытта тұрақты түрде өткіземіз деген ойдамын, – дейді «Жетібаймұнайгаз» ОБ әлеуметтік сала маманы Айгүл Төлебайқызы.

Сайыс соңында жүлдегерлерге қаржылай сыйлықтар мен мақтау грамоталары табысталды.

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

БЕРЕКЕ - БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Ұлыстың ұлы күні «Маңғыстау-энергомұнай» мекемесінде Амал мерекесімен ұштасып, ұлттық нақышта аталып өтті. Кезекті жұмыс аптасының алғашқы күнін ұжымдастар қол алысып көрісуден бастады. 30 жылға жуық тарихы бар ұйымшыл мекемеде бірнеше жылдан бері тойланатын бұл мейрам биылғыдан да өзгереді болды.

Амал күні таң сәріден ұжым қызметкерлері ұлттық киімдерін киіп, әріптестерін халықсапатарымен әндетіп қарсы алды. Ғимарат фойесінде ақ дастархан жайылып, ұлттық тағамдардан ұжым қызметкерлеріне дәм ұсынылды.

Түскі үзіліс кезінде ұжым қызметкерлері арасында ерлер мен қыз-келіншектердің ұлттық киімдер сайысы басталды. Думанды наурыз мейрамының



басты мәзірі «Наурыз көже» назардан тыс қалмай, қыз-келіншектер ат салысқан тартысты да дәмді тағам бәсекесінде нәзік жандылар өз шеберліктерін көрсетті. Мерекелік шарада «Асық» ұлттық ойыны заманға сай жаңарып, өткізілді.

«Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС Бас директоры Нұрдаулет Рахымұлы «Жаңа жыл жақсылығымен, сәттілігімен, молшылығымен келсін! Еліміздің игілігі жолындағы ортақ қызметімізге табыс пен береке тілеймін!» деген ақ тілегін жеткізді.

Биылғы Амалдың ақша қары дәл Амал күні жауып, баршамызға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Ұлболсын СМАДИЯРОВА,
«Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «ҮЗДІК МАМАН-2022» кәсіби конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоғам қызметкерлері арасында келесі мамандықтар бойынша **2 (екі) кезеңдік «ҮЗДІК МАМАН-2022»** кәсіби конкурсының өткізілуі жарияланады:

1. Мұнай және газ өндіру операторы;
2. Қабат қысымын ұстау операторы;
3. Ұңғымаларды зерттеу операторы;
4. Жөндеуші – слесарь;
5. Электр газбен дәнекерлеуші;
6. Темір жонушы;
7. Химиялық талдау лаборанты

Конкурстың **1-КЕЗЕҢІ 2022 ж. 18 және 19 мамыр** аралығында өткізіледі. Конкурста төмендегі іріктеу талаптарына сәйкес келетін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері қатыса алады:

- мамандығы бойынша жалпы еңбек өтілі 3 (үш) жылдан кем емес;
- ҚЖЕҚ бойынша нұсқаулықтарды білуін тексеруден өткені туралы белгісі бар куәліктің болуы;
- соңғы 6 ай ішінде ҚЖЕҚ саласында ескертулер мен бұзушылықтардың болмауы;
- бір күнтізбелік жыл ішінде тәртіптік жазалардың болмауы

Конкурстың 1 (бірінші) кезеңінің жеңімпаздары келесі мөлшерлерде біржолғы төлемдермен марапатталады:

- бірінші орын үшін - 100 АЕК;
- екінші орын үшін - 70 АЕК;
- үшінші орын үшін - 50 АЕК.

Конкурстың **2-КЕЗЕҢІ 2022 ж. 01 және 02 маусым** аралығында өткізіледі. Конкурстың 1 (бірінші) кезеңінде 1, 2 және 3 жүлделі орындар ие болғандар 2-ші кезеңге қатысады.

Конкурстың 2 (екінші) кезеңінің жеңімпаздарына күнтізбелік бір жылға әр кәсіп бойынша орташа айлық тарифтік мөлшерлемеден келесі мөлшерлерде ай сайынғы қосымша ақылар белгіленеді:

- бірінші орын үшін - 30 % мөлшерінде қосымша ақы;
- екінші орын үшін - 20 % мөлшерінде қосымша ақы;
- үшінші орын үшін - 10 % мөлшерінде

Конкурсқа қатысу үшін тікелей басшыға немесе қатысуға өтінімді a.dzhaksybergenova@mmg.kz және sh.imanova@mmg.kz мекен-жайға хабарламамен жіберуге болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ о проведении профессионального конкурса «ҮЗДІК МАМАН-2022» АО «Мангистаумұнайгаз»

Объявляется проведение **2-х (двух) этапного** профессионального конкурса «ҮЗДІК МАМАН-2022» среди работников Общества по следующим профессиям:

1. Оператор по добыче нефти и газа;
2. Оператор по поддержанию пластового давления;
3. Оператор по исследованию скважин;
4. Слесарь-ремонтник;
5. Электрогазосварщик;
6. Токарь;
7. Лаборант химического анализа.

1-й ЭТАП Конкурса будет проводиться **18 и 19 мая 2022 г.** В Конкурсе могут принять участие работники АО «Мангистаумұнайгаз», соответствующие нижеследующим критериям отбора:

- общий стаж по профессии не менее 3 (трех) лет;
- наличие удостоверения с отметкой о прохождении проверки знаний инструкций по БиОТ;
- отсутствие замечаний и нарушений в области БиОТ в течение последних 6 месяцев;
- отсутствие дисциплинарных взысканий в течение одного календарного года

Победители 1 (первого) этапа Конкурса награждаются единовременными выплатами в следующих размерах:

- за первое место - 100 МРП;
- за второе место - 70 МРП;
- за третье место - 50 МРП.

2-й ЭТАП Конкурса будет проводиться **01 и 02 июня 2022 г.** Участвуют все конкурсанты, занявшие на 1 (первом) этапе Конкурса призовые 1, 2 и 3 места.

Победителям 2 (второго) этапа Конкурса на один календарный год устанавливаются ежемесячные доплаты от средней месячной тарифной ставки по каждой профессии в следующих размерах:

- за первое место - доплата в размере 30 %;
- за второе место - доплата в размере 20 %;
- за третье место - доплата в размере 10 %

Для участия в Конкурсе обращаться непосредственному руководителю или направлять заявку на участие сообщением на адреса: a.dzhaksybergenova@mmg.kz и sh.imanova@mmg.kz

Спорт

«СЕРЕБРО» С ЗОЛОТЫМ ОТЛИВОМ

Команда ветеранов АО «Мангистаумұнайгаз» по мини-футболу продолжает покорять новые турниры и сердца болельщиков по всей стране. Недавно наша сборная вернулась с Тараза где проходил Чемпионат Республики Казахстан по мини-футболу среди ветеранов (возраст 40+): к сожалению, победу одержать не удалось, но все равно команда показала достойный результат и самое главное - яркую, запоминающуюся игру!

В соревнованиях принимали участие девять команд, которые были разбиты на три группы. По жребию сборная «Мангистаумұнайгаз» попала в одну группу с командами «Жанатас» (Жамбылская область) и «Туран-Актобе».

В первом матче наши нефтяники разгромили хозяев турнира со счетом 7:2, второй поединок с футболистами «Туран-Актобе» оказался более упорным, но и в нем была одержана победа – 2:0.

Финишировав на первом месте, в своей группе ветераны АО «Мангистаумұнайгаз» в полуфинале, встречались с объединенной сборной города Тараза. Несмотря на отчаянную поддержку трибун, болельших естественно за хозяев соревнований, наша команда спокойно справилась с давлением и на классе обыграла сборную Тараза – 4:1.

В другом полуфинале встречались команды «Озенмұнайгаз» и «Zelmar stroy» (строительная компания г.Актау). Со счетом 3:1 победу одержала команда «Zelmar stroy».

Таким образом, в Таразе в финале Чемпионата Казахстана сошлись две команды из Мангистауской области – АО «Мангистаумұнайгаз» и «Zelmar stroy».

Увы, но в тот день удача была на стороне футболистов «Zelmar stroy», которые победили наших ветеранов со счетом 3:0.

- Конечно, обидно за результат, - признается капитан команды АО «Мангистаумұнайгаз» Ислам Косбаев. – Мы играли в атакующий футбол, владели 70% игрового времени, имели большое преимущество, но подвела слабая реализация моментов. Проигрывая 1:0, за несколько минут до конца матча, мы выпустили пятого полевого игрока вместо вратаря, надеясь сравнять счет. Но, увы, увлекшись атакой, мы на последних минутах еще дважды пропустили в пустые ворота. Теме не менее, хочется поблагодарить команду за хорошую игру, наши парни играли достойно. В 2021 году на этом турнире мы завоевали бронзовые медали, на этот раз взяли «серебро», так что прогресс есть!



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық;
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
куәлігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000